

и частные принципы работы, критерии отбора сетевых ресурсов, сайтов и материалов, а также существенно обновить арсенал методических средств и приемов обучения.

#### **Литература:**

- 1.Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка- М: Просвещение, 2001 г.
- 2.Полат Е.С. Метод проектов на уроках иностранного языка- М: Просвещение, 2000 г.
- 3.Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иностранному говорению. - М: Просвещение, 2009г.
- 4.Полат Е.С. Обучение в сотрудничестве// ИЯШ №1 2008г.
- 5.Вильяме Р., Макли К. Компьютеры в школе. - М.: Просвещение, 2009г.
- 6.Глазов Б.И. Компьютеризированный учебник - основа новой информационно-педагогической технологии. Педагогика. – 2010г.

#### **Сапармұратова Г.Т.**

ЖОО дейінгі дайындық бөлімінің меңгерушісі, ғылым магистрі аға оқытушы «Сырдария» университеті, ҚР

### **ҚАЗАҚ ДИАСПОРА ӨКІЛДЕРІНІҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЕЛІНЕ ОРАЛУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАРИХИ ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУ ЖАҒДАЙЫ**

*В данной статье рассматриваются проблемы переселения представителей казахской диаспоры в казахскую землю. Приведены данные о количестве представительей казахской диаспоры зарубежом. Рассмотрены условия адаптации оралманов к исторической Родине и их содействия демографическому росту Республики Казахстан. Раскрыты значения понятий «диаспора» и «ирредента».*

*This article considered the problem of resettlement of Kazakh Diaspora in the Kazakh Land. It provides informations of the Kazakh Diaspora representatives abroad. It considered conditions of adaptation of imigrants to the Motherland and its promoting demographic growth of the Republic of Kazakhstan and Discribed the value of the coucept of 'diaspora' and 'irredenta'.*

Қазақ халқының небір тарихи-саяси жағдайларды басынан кешіріп, төрткүл дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашырап кеткен қандастарымыздың өз отанына оралуы, жер бетіндегі жалғыз ортақ Отанымыз Қазақстан еліне шақырған елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Алыстағы ағайынға ақ тілек» деген айдарынан көруге болады. Міне соның нәтижесінде 1990 жылдардан бастап әлемнің түкпір-түкпірінен тарихи себептердің салдарынан қазақ халқының бір бөлігі өздерінің тарихи отанынан тыс жерлерде тұрып жатты. Олардың бір бөлігі ирредента, ал екінші бір бөлігі диаспора деп саналды. Яғни, атап-айтар болсақ Өзбекстан, Қытай, Монғолия, Ресей, Түркменстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Иран секілді елдерге ауа көшкен қазақ диаспора өкілдері тарихи Отанына оралуда.

Қазіргі таңда сол елдерден қоныс аударғысы келетін отандастарымыздың саны көбеймесе азаймайтыны сөзсіз. Әлі күнге дейін сол шетелдерде мекендеп жатқан қазақтардың саны туралы нақты мәлімет бір ізге түспеген. Кездескен мәліметтерде олардың ұзын саны 3,5 миллион мен 5 миллионның аралығында екендігі айтылады. Шамамен айтқанда, Ресейде 1 млн. 400 мыңға жуық, Өзбекстанда 1 500 млн. жуық, Қырғызстанда 70 мыңға жуық, Түркіменстанда 80 мыңға жуық, Моңғолияда 100 мыңнан астам, Қытайда 2 млн. жуық, Еуропада 30 мыңға жуық, Түркияда 20 мыңнан астам, Ауғанстанда 28 мыңға

жуық, Иранда 3 мыңға жуық, Украинада 10 мыңға жуық, Тәжікстанда 10 мыңға жуық, Әзірбайжанда 4 мыңға жуық, Грузияда 3 мың қазақ бар деп есептеледі [1].

Қазақстан Республикасының 1992 жылы мамыр айында «Көші-қон туралы» Заң қабылданды. Осы заңның 1 бабына сәйкес, этникалық қазақтарға тарихи Отанына көшіп келуге құқық берілді. Осы Заңның нәтижесі бойынша бүгінге дейін 1 млн.-ға жуық этникалық қандастарымыз елімізге келген. Заң жүзінде оралмандарға иммиграциялық квота бекітіліп, этникалық иммиграция бойынша жұмыс істейтін арнайы орган құрылды. Экономикалық және тарихи тұрғыдан этникалық қазақтардың тарихи Отанына көшіп келуі мемлекеттің ұлттық ерекшелігін сақтап қалуға және ішкі тұрақтылықты нығайтуға септігін тигізді [2].

Егер «диаспора» деген терминіне тоқталатын болсақ, грек тілінде «шашырау», «шашырай орналасу» дегенді білдіреді, яғни ұлт шашырандысы деп қолдануға болады. Әу баста Палестинадан тыс жерлерге тарап кеткен еврейлерге байланысты қолданылған болса, бүгіндері әлемдегі күллі діни және этникалық топтарға қатысты терминге айналған. Диаспора міндетті түрде көші-қонның нәтижесінде болады және осыған сәйкес қалыптасуы да әр түрлі болуы мүмкін. Ал, ирреденттер туралы қарасыратын болсақ «Ирредент» сөзі, грекше – «қайта бірікпеген» деген мағына береді. Диаспора – жоғарыда атап өткеніміздей, миграция нәтижесінде пайда болса, ирреденттер – соғыс, даулы шекара сызықтары немесе отарлау саясаты нәтижесінде қайта бірікпей өз елінің шегінен тыс, тарихи ұлттың шекаралас өлкелерінде қалып қойған бөлшектері болып табылады [3].

Ішкі және сыртқы миграция – қатар жүргізлетін демографиялық құбылыс және қазір ол қазақ халқының пайдасына жұмыс істеп жатыр деп нық сеніммен айта аламыз. Оның дәлелі бүгінде елге оралған қандастарымыз Қазақстан халқының шамамен 67 пайызын құрап отыр. Қазақ жеріне келген қазақ диаспора өкілдері еліміздің барлық өңірлерінде тұрып жатыр. Олардың басым көпшілігі Оңтүстік Қазақстан облысына (122131) орналасқан. Қазақстанда тұрып жатқан барлық оралмандардың 26 пайызын құрайды. Екінші орында оралмандар саны бойынша Маңғыстау облысын бөліп көрсетуге болады. Бұл жерде 61737 адам тұрады, бұл көрсеткіш барлық оралмандардың 13 пайызын құрайды. Алматы және Жамбыл облыстарында 60770 және 49365 оралман тұрады. Ең аз оралмандар тұратын облыстарға Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Атырау облысы мен Астана қалалары жатады. Мысал Оңтүстік Қазақстанға көптеген оралмандар Өзбекстаннан, Тәжікстаннан, Түркменстаннан, Ираннан, Ауғанстаннан көшіп келді, олар бұл облысты бұрынғы тұрған жеріне жақын болғандықтан және жылы климатына байланысты таңдайды. Бұл жерде тіл мәселесі де орын алады, себебі оралмандар көбі орыс тілін білмейді, сондықтан бұл облысты қазақ тілінде сөйлейтіндердің көптігін де еске алып таңдайды. Облыстарды таңдауда оралмандардың туысқандары болуы және тарихи байланысы қосымша себеп бола алады. Маңғыстау облысы – оралмандар санына байланысты екінші орында тұр – Түркменстаннан, Өзбекстаннан, әсіресе, Қарақалпақ автономиялық республикасынан келген оралмандар тартымды. Олар осы облыста тұрып жатқан оралмандардың 95 пайызын құрайды. Мұндай қоныстанудың негізгі себебі Түркменстан мен Өзбекстанның тарихи түбірінің жақын болуы. Маңғыстау облысы оралмандарға жоғары жалақы-деңгейімен де тартымды. Бұл көрсеткіш әрине еліміздің қазіргі таңдағы күрделі демографиялық ахуалына да оң әсерін тигізетіні сөзсіз [4].

Кеңес одағынан бері, қазақ мәдениеті бұл облыстарда басқа мәдени этникалық топтардың ықпалында қалды. Бұл өңірлерде орыс тілі, орыс мәдениеті басым болғандықтан, ол жерде тұратын оралмандардың жергілікті жағдайға бейімделуі көп уақытты талап етеді. Оралмандардың қазақтармен бір тарихи түбірі болса да, олардың мәдениеті мен тұрмысында ауқымды айырмашылықтар кездесіп жатады. Мұның себебі, оралмандар қазақ мәдениетінің дәстүрлері мен өмір сүру қағидасын сақтап қалса, Қазақстандағы қазақтар Кеңес заманы

кезеңіндегі әртүрлі өзгерістердің, нарықтық экономикаға өту кезіндегі өзгерістердің ықпалына бейімделіп қалды. ТМД елдерінен басқа мемлекеттерден көшіп келген қазақтар дінге өте жақын болады. [5].

Оралмандардың мәдени бейімделуіне ықпал ететін тағы бір жағдай, оралмандардың өмір сүру сипаты, дінге деген көзқарасының ерекшелігі. Бұл әсіресе киім киюінде, отбасылық қарым-қатынаста нақты көрініп тұрады. Әйел оралмандар, әсіресе оңтүстік өңірлерде мойынды жауып тұратын көйлек киеді, оның үстіне жекет киіп, бастарына орамал тартады. Түркменстаннан, Ираннан және Ауғанстаннан келген оралман әйелдер жергілікті қазақ әйелдерінің киімін өте ашық, сыпайы емес деп санайды. Оралман ерлердің де көзқарасы осындай. Өзбекстаннан келген оралмандар бастарына тақия киеді, Иран мен Ауғанстаннан келгендер (әсіресе жасы келгендер) сәлде киеді. Оралман мен жергілікті халықтың күнделікті өмірінде де айырмашылықтар көптеп кездеседі. Сондай-ақ олар ондағы жылдар бойы бөгде ортада отырғаннан кейін сол жергілікті ортаның мәдениет элементтерін сіңіруі де заңдылық. Бірақ тарихи Отанынан жүздеген, ондаған жылдар бойы сырт елде жүрсе де, өзінің ұлттық мәдениетін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып атадан балаға мирас етіп, этномәдени құндылықтарымыздың қалпын бұзбай келе жатқан ұлттық нақыштағы дәстүріміз, өнеріміз қазақ мәдениетінің кейбір ұмыт бола бастаған тұстарын толықтырып, жандандыруда. Сондықтан дәстүрлі мәдениетіміздің жұрнағын таратушы қандастарымыздың ұлттық мұраларының сақталуы мен өзгерісін, тарихи Отанға қоныстану жағдайы және жергілікті ортаға бейімделу мәселелерінің маңызы зор. Олай болса, басқа халықтар әлемінде өмір сүрген қазақ диаспорасының ұлттық болмысын, мәдени мұраларын зерттеу арқылы ұлттық идеяны қалыптастырып, қазақ халқының біртұтастығын қамтамасыз ете аламыз. Солардың ішіндегі ең бастысы әрі қауіптісі- болашақта өз ұлтының тарихын, тілі мен руханиятын, яғни қазақи болмысынан айырылған, сонымен қатар, өздері тұратын елдердің этникалық ортасына сіңіскен, түрі қазақ болса да, тілі бөтен ұрпақтың пайда болуы, шетелдегі жас жеткіншектеріміздің ассимиляцияға ұшырап кетуі. Бұлай алаңдауымызға себеп те жоқ емес. Өйткені шеттегі бауырларымыз білім алатын көптеген қазақ мектептері жабылып, қазақ тілінің пән ретінде оқытылуы тоқтатылуда. Бұдан бөлек, қазақ тіліне қатысты шетелде оқытылатын оқулықтар мен басқа да оқу-әдістемелік құралдардың арасында алшақтық басым. Яғни қазақ тілінің грамматикасы мен басқа да шарттары түрліше оқытылуда. Әліпби де түрліше. Бір ғана мысал, қазақ тіліндегі сауатын төте жазумен ашқан Қытайдағы қандастарымыз Отанына оралғанда қазақ жазуын оқудан қиналып қалғандарына куә болып жүрміз. Осы тектес мәселелер кесірінен шартарапқа тарыдай шашылған қазақтардың басқа елдегі бауырларымен ауызша тілдесе алғанымен, жазбаша тілде ұғынысулары өте қиын жағдайда. Қоныс аударып келген қазақ диаспора өкілдері қазақ тілімен қатар орыс тілінің күнделікті қолдану қиыншылықтарымен кездеседі. Орыс тілі қарым-қатынаста негізгі тіл болғандықтан, оралмандардың еңбек рыногында интеграциялануы, Қазақстанның әлеуметтік және мәдени өміріне қатысуына қиындықтар туғызуда [6].

Қорыта келгенде қазақ диаспора өкілдерінің тарихи отанына оралуы халқымыздың сан жағынан өсуіне әсер етіп, демографиялық жағдайды жақсартта түсуде. Егеменді еліне оралып, сол елдің азаматы атану, ата-жұрт топырағын түзету, елін көркейту диаспора өкілдерінің басты арманы. Шетелде этникалық қазақтардың иммиграциясы халық санының артуына және жалпы сандағы байырғы халық үлесінің септігін тигізеді анық. Сонымен қатар қай жерге қоныс аударса да сол этникалық топ басқа ұлт өкілдерімен тығыз қарым-қатынасқа бола отырып, рухани және материалдық құндылықтарымен алмасуы, басқа ортаның кейбір этникалық мәдени ерекшеліктерін қабылдайды. Олай болса, тарихи Отанына оралған

қандастарымыздың өзіндік мәдени ерекшеліктеріне жат көзбен қарамай, олардың мәдени өзгерістеріне де түсіністікпен қарауымыз керек. «Елге ел қосылса – құт» деген осы болар.

1. Статистика Агентігінің мәліметтері. 2015 ж.
2. Н.Ә.Назарбаев. Құшағымыз бауырларға айқара ашық. //Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. Алматы, 1993.-8 б.
3. Ә.Нысанбаев. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. Алматы,1998ж.
4. Б.К.Қалшабаева, А.С.Сейсенбаева. Алматы облысындағы оралмандар саны және тарихи отанға бейімделу үдерісі. //ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы №1, 2013. 107-б.
5. Г.М.Мендіқұлова « Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие». Алматы, 1997ж.
6. С.Балғабаев. Атажұрт деп соққан жүрегі. // Жас алаш. 2002 -№17.

**Турбеков Б.А.**

*2-курс магистранты «Сырдария» университеті, ҚР*

## **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛМАЛЫ ЖӘНЕ СПОРТ ОЙЫНДАРЫНЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ**

*Статья о значении и перспективах развития казахских национальных подвижных и спортивных игр в физическом и патриотическом воспитании школьников начальных классов.*

*The article is about the concept and perspective developing of Kazakh national movable and sports games in physical training and patriotic education of pupils in primary classes.*

Қазақта «адам ұрпағымен мың жасайды» дейді. Ұрпақ жалғастығы нәтижесінде, адамзат өмірінде түрлі өзгерістер болып, өз қажетіне керегін алып, дамудың биік шыңдарына жетуде.

Өмірге келген әрбір нәрестенің алғашқы тәрбиесі ата-анадан өрбісе, бұдан кейінгі тәрбиенің өзегі ұстаз міндеті. Дұрыс бапталған ағаштың өсе келе жақсы жеміс беретіні секілді, сапалы тәрбие алған ұрпақтан ел болашағын алға апаратын дені сау, нағыз ұлтжанды, патриот пайда болады. Яғни, ұстаздың немесе тәрбие берушінің негізгі міндеті – келешек ұрпақ бойындағы ерекше дара қасиетті байқауы. Екінші мақсаты – осы қасиетін дер кезінде аша білуге ықпалы. Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаев: «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады», - дейді. Елбасымыз қазақ елінің азаматтары Орталық Азия барысына айналады, дамушы елдерге үлгі болады, дамыған елдер қатарына қосылып, Әлемдік биік дәрежеге жетеміз деп асқақ сезіммен алға тартып, үлкен сенім білдіреді [1].

«Егер адам бала кезінде белгілі бір әлеуметтік себептерді, яғни тежегіш қозуларды басшылыққа ала отырып, өз қылықтарын тежей алмаған болса, - деп жазады профессор П. К. Анохин, - онда ол үшін алдағы уақытта эмоциялардың кез келген мәжбүрлі және үзілді-кесілді тежелуі кенеттен болады, ал нақ осының өзі қауіпті болуы мүмкін. Біз баланың бойында тежегіш қозулар кешенін қалыптастырамыз, яғни саналылықты кең мағынада дамытуымыз керек. Эмоцияны тәрбиелеу адамның жеке басын үйлесімді дамытуға жеткізеді. Ал осындай жоспарлы жаттығу жасау сәби жастан басталуы керек». Дене шынықтыру сабақтарында, әсіресе ережелі қимыл-қозғалыс ойындарында балаларды үйрету процесінде